

Қарамағындағы мемлекеттік органдар мен мекемелерді ұстауға жұмсалатын шығындар жоспарланатын нормалар мен нормативтерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 шілдедегі N 204-ө Өкімі

Қарамағындағы мемлекеттік органдар мен мекемелерді ұстауға жұмсалатын шығындар жоспарланатын нормалар мен нормативтерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|--------------------------|---|
| Құсайынов | - Қазақстан Республикасының Экономика және |
| Марат Әпсеметұлы | бюджеттік жоспарлау вице-министрі, жетекші |
| Боранғалиева | - Қазақстан Республикасы Экономика және |
| Мәрзия Мұханбетрахымқызы | бюджеттік жоспарлау министрлігі Әдіснама, тиімділікті бағалау және функционалдық талдау департаментінің директоры, жетекшінің орынбасары |
| Жәмішева | - Қазақстан Республикасы Экономика және |
| Сәуле Аманжолқызы | бюджеттік жоспарлау министрлігінің Әдіснама, тиімділікті бағалау және функционалдық талдау департаменті әдіснама басқармасының бастығы, хатшы |
| Ақшолақов | - Қазақстан Республикасының Энергетика және |
| Болат Оралұлы | минералдық ресурстар вице-министрі |
| Бабақұмаров | - Қазақстан Республикасының Мәдениет және |
| Ержан Жалбақұлы | ақпарат вице-министрі |
| Бишіғаев | - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының орынбасары |
| Бишімбаев | - Қазақстан Республикасының Индустрия және |
| Қуандық Уәлиханұлы | сауда вице-министрі |
| Құсайынов | - Қазақстан Республикасының Көлік және |
| Әбілғазы Қалиақпарұлы | коммуникация вице-министрі |
| Нүсіпова | - Қазақстан Республикасының Денсаулық |
| Әсем Бекқызы | сақтау вице-министрі |
| Султанов | - Қазақстан Республикасының Қаржы |
| Бақыт Тұрлыханұлы | вице-министрі |

2. Жұмыс тобы 2008 жылғы 1 қаңтарға дейін қарамағындағы мемлекеттік органдар мен мекемелерді ұстауға жұмсалатын шығындар жоспарланатын нормалар мен нормативтерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ